

Бюджеттік қарыздар бойынша есептеме жүргізу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1996 жылғы 15 қазан N 1270

Республикалық бюджеттен қаржыландырылатын бюджеттік ұйымдардың пайдаланған электр энергиясына пайда болған берешегін қысқарту мақсатында Қазақстан Республикасы Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі беріліп отырған тізбеге (1-қосымша) сәйкес Экономиканы жаңғырту қорына аудару бойынша "Қазақгаз" мемлекеттік холдинг компаниясы кәсіпорындарының республикалық бюджет алдындағы 100 (жүз) млн. теңге берешегіне есептеме жүргізілсін.

Аталған сома бюджет ұйымдарының пайдаланған электр энергиясына

берешегін өтеуге арналған қаржыландыру есебіне есептелсін (2-қосымша).

2. "Қазақгаз" мемлекеттік холдинг компаниясының республикалық бюджетке келісілген бағалар бойынша есептелетін төлемдер есебіне электр энергиясын өндіру үшін "Қазақстанэнерго" ұлттық энергетикалық жүйесі Жамбыл ГРЭС-іне оның табиғи газ беру туралы ұсынысына келісім берілсін.

3. Берешек есептемесі аталған соманы 1996 жылға арналған республикалық бюджеттің кіріс және шығыс бөліктерінде көрсетіле отырып жүргізілсін.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
1996 жылғы 15 қазандағы
N 1270 қаулысына
1-қосымша

Экономиканы жаңғырту қорына аударымдары бойынша республикалық бюджет алдындағы берешегіне есептеме жүргізілетін "Қазақгаз" мемлекеттік

холдинг компаниясы кәсіпорындарының
ТІЗБЕСІ

Кәсіпорындардың атауы		Есептемеге алынатын берешек сомасы, млн. теңге
1. "Карачаганакгазпром" АҚ		69
Батыс Қазақстан облысы		
2. "Уральсктрансгаз" АҚ		31
Батыс Қазақстан облысы		
Жиыны:		100

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
1996 жылғы 15 қазандағы
N 1270 қаулысына
2-қосымша

Пайдаланған электр энергиясы үшін берешегі
есептемеге қабылданатын бюджеттік ұйымдардың
ТІЗБЕСІ

Бюджеттік ұйымдардың атауы		Есептемеге алынатын берешек сомасы, млн. теңге
Қазақстан Республикасының Өнеркәсіп және сауда министрлігі (Мырғалымсай кенорнының суын ағызуға арналған)		83,6
Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігі		10,3
Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігі		2,7
Қазақстан Республикасының Ғылым министрлігі - Ғылым академиясы		2,6

А.Яссауи атындағы		
Қазақ-Түрік университеті		0,5
Салық инспекциясы		0,3

Жиыны: | 100